*Жарма аудандық газеті*

# ҚАЛБА ТЫНЫСЫ

№ 13 (9426) Жұма, 3 сәуір 2026 жыл

Газет 1934 жылдан бастап шығады

### Айна ақпарат

## Семейде жаңа спорт кешенін салады



Жаңа нысанның құрылысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен Абай облысында басталған «Абайға құрмет» акциясы аясында «Самұрық - Қазына» АҚ - ның бірыңғай операторы – Samruk - Kazyna Trust арқылы қаржыландырылады.

Жалпы ауданы 2 мың шаршы метр болатын екі қабатты орталықта әртүрлі спорт түрлеріне арналған зал, 100 көрерменге арналған трибуна, күрес және бокс залдары, тренажер залы мен қосалқы бөлмелер қарастырылған. Спорт кешені оң жағалауда, Сәтбаев көшесінде салынатын болады.

Кешен лифтпен жабдықталады, соның арқасында екінші қабатқа барлық келушілер, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де қолжетімді болады. Жобаны жүзеге асыруға шамамен 1,6 млрд теңге бөлініп, құрылыс келесі жылы аяқталады. Осындай кешендер Ақтөбе, Арқалық және Қонаев қалаларында да салынатын болады.

Бұдан бөлек биыл Samruk-Kazyna Trust арқылы еліміздің бірнеше өңірінде ерекше қажеттіліктері бар балалар мен ересектерді тұрақты түрде спортпен шұғылдануға тартуға арналған инклюзивті спорт орталықтарының құрылысы басталады деп жоспарлануда. Қор тұжырымдамасына сәйкес, бұл орталықтарда бейімделген және инклюзивті спорт түрлеріне арналған залдар, бассейн, медициналық және физикалық оңалту бөлмелері, оқу және әлеуметтену аймақтары, сондай-ақ қонақүй нөмірлері қарастырылады.

Қазіргі таңда Топ компаниялары атынан 19 спорт кешені жұмыс істеп тұр, олар 700 мыңнан астам адамға спортпен айналысуға мүмкіндік беріп отыр.

*Абай облысының әкімдігі.*

### Қаржы нарығы

## 25%-дық ипотека өте қауіпті: Сүлейменов жаңа шектеулер болатынын айтты




Ұлттық банк басшысы Тимур Сүлейменов елдегі ипотека мөлшерлемесіне қатысты жаңа реттеу шаралары әзірленіп жатқанын хабарлады. Ол 25%-бен берілетін несиелер халықтың қалтасына айтарлықтай салмақ салатынын айтты.

Сүлейменовтің айтуынша, елде ипотекаға сұраныс әлі де жоғары, несие беру 10%, тіпті одан да көп өсіп келеді.

«Біз ипотекалық несие беру көрсеткішінің төмендегенін көріп отырған жоқпыз. Керісінше, ипотека өсіп жатыр. Келесі жылдың шілдесіне дейін біз қандай да бір шараларды қабылдайтын боламыз. Себебі, қайталап айтамын, 25% мөлшерлемемен 10 жылға берілетін ипотека өте қауіпті. Бұл төлемнің үш есе көбейуіне әкеледі, сондықтан азаматтарымыздың қарызға белшеден батып кетпеуіне жол бермеуіміз қажет», – деді Сүлейменов мәжіліс кулуарында.

Ұлттық банк басшысы жаңа нарықты реттеу механизмі әзірленіп жатқанын атап өтті. Ол бастапқы жоспарланғаннан жеңіл әрі ыңғайлы болады.

Оның айтуынша, енгізілетін өзгерістер ипотеканың нақты төлем мөлшерін есептеуге байланысты болады.

«Біз ипотеканы есептеудің дәлірек механизмін жасап шықтық, қазір сол бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Ол ойлағанымыздан күрделі болып шықты, бірақ 2027 жылдың 1 шілдесінен бастап жаңа тиімді жылдық ставка енгізіледі», – деді Сүлейменов.

Бұған дейін Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов те халықтың табысы мен несие алу қарқыны азайғанын айтқан.

*"ҚазАқпарат"*

## ЗАСЕДАНИЕ АКИМАТА – О РЕШЕНИИ ВАЖНЫХ ВОПРОСОВ



Под руководством акима района Нурлана Борсукбаева состоялось очередное заседание райакимата, на котором рассмотрены эффективное проведение санитарного двухмесячника, социальные вопросы, работа по профилактике правонарушений среди несовершеннолетних.

Главой района была отмечена актуальность предстоящего санитарного двухмесячника, реализации различных мероприятий в рамках масштабной инициативы «Таза Казахстан», озвучен призыв ко всем службам, организациям и предприятиям района активно включиться в деятельность по благоустройству, саночистке и озеленению территорий. В ходе кампании планируется проведение субботников, ликвидация несанкционированных свалок, вывоза собравшегося за зиму мусора на полигон ТБО, приведение в порядок дворов, улиц и общественных пространств. Особое внимание уделено привлечению в данных экологических акциях жителей, представителей бизнеса во всех населенных пунктах района.

Заслушаны информации руководителя отдела занятости и социальных программ об оказании социальной адресной помощи наиболее уязвимым категориям граждан. Поддержка людей осуществляется в соответствии с действующим законодательством, подчеркнута необходимость повышения оперативности предоставления помощи, усиления контроля по ее целевому использованию. Другой темой повестки дня стало предупреждение правонарушений среди несовершеннолетних. Здесь заслушана информация руководителя отдела образования об итогах проводимой профилактической работы, включающей организацию досуга и образовательного процесса детей и подростков, участие учащихся в различных тематических мероприятиях , взаимодействие школы с родителями, правоохранительными органами.

По итогам заседания даны поручения заместителям акима района, ответственным руководителям с обозначением необходимости компетентного подхода к решению рассмотренных вопросов, мониторинга всей работы в дальнейшем.

*Г.Смагулова.*

## ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ



Аудан әкімі Нұрлан Борсықбаев сәрсенбі күні өңір тұрғындарын жекелеген мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға Қалбатау және Қаратөбе ауылының тұрғындары келіп,өздерінің көкейкесті мәселелерін арыз-шағымдары мен сауалдарын жолдады . Әр аптаның сәрсенбі күні өткізілетін қоғамдық қабылдау барысында тұрғындар өздерін толғандырған мәселелерін жеткізді. Атап айтар болсақ, әлеуметтік мәселелер мен баспана алу, жайылымды жер және тағы басқа сауалдарымен жүгінді.

Тұрғындардың жеке мәселелерін мұқият тыңдаған өңір басшысы қолданыстағы Заңнама аясында көтерілген мәселелердің шешу жолдарын түсіндірді.

Жалпы қоғамдық қабылдауда көтерілген барлық мәселелердің бақылауға алынатындығын жеткізген аудан әкімі, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

*Кәусар Арықханқызы.*

САРАПТАМА

# Цифрландыру және жасанды интеллект жылы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Цифрлық елге айналуды мақсат еткен ел үшін бұл – стратегиялық жоспарды орындауға деген нақты қадам. Президент «Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл – қазіргі жаңа технология дәуірінде өркениетті ел болып қалудың бірден-бір жолы. Халқымыздың ой-санасы мұндай инновацияларға дайын екеніне сенімдімін. Қазақстан да экономика мен қоғамдық өмірге жасанды интеллектіні енгізуге басымдық беріп жатыр. Еліміздің бұл жұмысқа қатысты бастапқы мүмкіндіктері жаман емес», деді.

Биыл алгоритмдер негізінде алға жылжитын кезең болмақ,технология бүгінгі әлем экономикасының жүрегіне айналып, цифрлық экономиканың драйверіне миллиардтаған доллар тартатын индустрияға айналатыны сөзсіз. 2025 жылы әлем бойынша жасанды интеллект саласына жұмсалған инвестиция көлемі шамамен 1,5 триллион АҚШ долларына жетсе, 2026 жылға қарай бұл көрсеткіш 2 трлн-нан асады деп бағаланып отыр. Өткен жылы жаһандық ЖИ нарығы шамамен 244 миллиард доллар болса, биыл бұл көлем 312 миллиард долларға дейін жоғарылайды деген болжам бар, яғни жылдық өсім 27-28 пайыз деңгейінде қалыптасады.

Нарықтың кеңеюіне бірнеше фактор әсер етеді. Біріншіден, бағдарламалық жасақтама мен платформалар нарығы қарқынды өсіп жатыр. Мұндай шешімдер компанияларға тұты-нушылармен қарым-қатынасты автоматтандыруға, өндірістік жұмыстарды оңтайландыруға және аналитикалық шешімдер қабылдауды жеделдетуге мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы биылғы сұхбатында елімізде де осы бағытта табысты жұмыс істеп жатқан финтех компаниялар бар екенін атап өтті.

Екінші маңызды бағыт – өңдеу қуаты мен инфрақұрылым. ЖИ шешімдерін іске қосу үшін қажет серверлер мен арнайы чиптерге сұраныс жыл сайын артып жатыр. Бұл бағыт әсіресе ірі технология компаниялары мен дата орталықтарға инвестиция тартуда бірінші орынға шығып отыр. Экономистердің есептеуінше, жасанды интеллект 2030 жылға қарай әлемдік экономикаға 15,7 триллион доллардан астам қосымша табыс әкеледі. Жалпы алғанда, бұл технология тауарлар мен қызметтер құнын төмендетіп, еңбек өнімін арттыруға мүмкіндік береді, алайда сонымен бірге еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістерге де алып келеді. ЖИ-дің күнделікті өмірге кірігуі әлдеқайда тез жүріп жатыр. Қаржы, денсаулық сақтау, білім беру, өндіріс сынды салаларда жасанды интеллект аналитикалық шешімдерді жеделдетіп, ақпаратты өңдеу мен шешім қабылдауды автомат-тандыруға көшті. Бұл бизнес барысын жоғары деңгейге шығарып, ресурстарды тиімді пайдалануға жол ашады.

Сондай-ақ Президент сұхбатында АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекенің қыза түскенін тілге тиек етті. Осы жарыста әр мемлекеттің өз жолы бар. АҚШ әдеттегідей инновация мен нарық еркіндігіне сүйенеді. Бұл ел әлі де жасанды интеллект зерттеулері мен венчурлық инвестиция көлемі бойынша көшбасшы. Сарапшылардың болжауынша, бірқатар американдық компания 2026 жылы ЖИ негізіндегі өнімдер арқылы табысын 6 миллиард доллардан 20 миллиард долларға дейін арттыруы мүмкін. Мемлекеттік сая-саттың басты ерекшелігі – нарыққа тұсау салмау, керісінше технологиялық серпінді ынталандыру. АҚШ үшін басты капитал – идея, жылдамдық және жеке сектордың тәуекелге баруға дайын болуы.

Ал Қытай мүлде басқа модельді таңдады. Мұнда жасанды интеллект ұлттық стратегиялық басымдық ретінде қарастырылады. Мемлекет деректерді орталықтандыруға, инфрақұрылымды ауқымды түрде дамытуға және өндірісті тез интеграциялауға күш салып отыр. Ірі қытайлық корпорациялар 2026 жылға қарай ЖИ-чиптерге ғана 14 миллиард долларға дейін қаржы



жұмсауы ықтимал. Қытай қысқа мерзімде нәтиже көрсетуге басымдық беріп отыр.

Еуропа болса, жылдамдықтан гөрі жауапкершілікті жоғары қояды. Франция, Германия, Испания секілді елдерде жасанды интеллектіні реттеу, қауіпсіздік және этика мәселесі бірінші орында тұр. Мұнда басты мақсат – технология адам құқығына, демократиялық институттарға қауіп төндірмеуі керек деген қағида. Еуропалық модель баяу көрінуі мүмкін, бірақ ұзақмерзімді тұрақтылықты көздейді.

Азияның өзге елдері мен дамушы аймақтар да бұл қатардан қалмауға тырысып бағып жатыр. Сингапур мен Оңтүстік Корея технологиялық инфрақұрылым мен мемлекеттік саясатты үйлестіре отырып, ЖИ-ді экономика мен басқаруға белсенді енгізуге көшті. Біріккен Араб Әмірліктері ірі деректер орталықтарын салуды жоспарлап, ЖИ-ді мемлекеттік басқарудың өзегіне айналдыруды көздеп отыр.

Болашаққа көз жүгіртсек, 2030 жылға қарай ЖИ өндірісінің көлемі 800 миллиард доллардан асады, ал одан әрі дамуда 4 трлн доллар – 5 трлн доллар деңгейіне жетеді деген болжам бар. Бұл цифрлар жасанды интеллектінің тек технологиялық сала емес, бүкіл әлемдік экономика мен жұмыс күшінің құрылымына әсер ететін жүйеге айналғанын көрсетеді. Қазақстан да осы жаһандық үрдістен шет қалып отырған жоқ. Мемлекет 2026 жылды «цифрландыру мен жасанды интеллект жылы» деп жариялап, цифрлық трансформацияны жеделдетуге, кадрларды даярлауға, инновациялық жобаларды жүзеге асыруға бағытталған қадам жасады.

Сарапшылардың айтуынша, 2026 жыл – жасанды интеллект саласы үшін трансформация кезеңі, бұл технология енді теориялық идеядан шығып, нақты экономикалық көрсеткіштермен, өндірістік шешімдермен және қоғамдағы экономикалық өзгерістермен өлшенетін кезең.

### Жасанды интеллект әдебиетке ықпал ете ала ма?

Жасанды интеллект күн өткен сайын күнделікті өмірімізге дендеп еніп келе жатыр. Siri, Google Assistant, Alexa сияқты жасанды зерде негізінде жұмыс істейтін көмекшілер мың бояулы интернет әлемінен іздегенімізді тауып беріп, ауа райын болжап, алдағы күнге жоспарымызды тұрақты түрде еске салып отыр. «Көмекшілеріміздің» бұдан өзге де сан-сапат «жақсылықтары» жетерлік. YouTube, Netflix, Spotify, TikTok сияқты платформаларда біздің қызығушылығымызға сай контент ұсынып отырған да – жасанды зерде. Google Lens те, фотосуреттердегі мәтінді тану функциялары да – бәрі-бәрі жасанды зерденің жетістіктері.

Бұдан өзге, адам жасаған осы бір табыс денсаулық сақтау, білім беру, бизнес пен қаржы, машина жасау салаларында да қолғабыс етіп келеді. Қазір жасанды интеллект шығармашылық, ой еңбегі, өнер атаулыға да ауыз сала бастады. Алдағы тым жақын уақытта бұл технологияның шығармашылық адамының ең басты қарсыласына айналуы да ғажап емес секілді.

Рас, жасанды интеллекттің мәтін құрастыру мүмкіндігі болғанымен, ол әзірге адам шығармашылығының негізінде жатқан контексті, эмоция мен мәдени негізді түсінуге қабілетсіз. Ал әдеби шығармалар — сөздердің үйіндісі ғана емес. Олар – өзін жазған автордың қаншама ғасырдан олжалаған тәжірибесі, туа дарыған сезімі, махаббаты, түйсігі мен қаншама жылдар қалыптастырған дүниетанымының көрінісі.

### «Өлі жандардың» 2-томы

Десек те, GigaChat нейрондық желісі күні кеше ғана Николай Гогольдің «Өлі жандар» («Мертвые души») романының автордың өзі өртеген екінші томын жазуға кірісіп кетті. Әлбетте, кітаптың жалғасы Гогольсыз жазылып жатыр. Оның үстіне, шығарманың жалғасын тұтас нейрожелінің өзі емес, гогольтанушылармен бірлесе жазуда. Осы топтың құрамындағы танымал орыс қаламгері, «Ясная Поляна» сыйлығының лауреаты Владислав Отрошенко орыс оқырмандары арасында пікір қайшылығын тудырған осы бір оқиға жайлы былай дейді:

«Жасанды интеллект «Өлі жандардың» сюжеттік желілерін дамытып, Гоголь кейіпкерлерінің бейнесін жандандыруы, шынайы диалогтер, монологтер мен лирикалық шегіністер жаза алуы үшін тек ғылыми-зерттеу мен инженерлік-техникалық жұмыс жүргізу жеткіліксіз болды. Нейрожүйені Гогольдің аяқталған және аяқталмаған шығармаларымен, оның хаттарымен, «Өлі жандарды» жазу барысында оқыған кітап-тарымен, сондай-ақ мол мұрағаттық құжаттар қорымен таныстыру қажет болды. Оған қоса, нейрожүйеге Гоголь стиліне тән ерекшеліктерді жеке үйреттік. Екінші томдағы бейнелерді жасау үшін Гогольдың «хаттар тізбегін» толық зерттеп шығу өте маңызды. Әсіресе Гогольдың Анна Виельегорскаямен жазысқан хаттары – оның осы асылтектіаруға деген ішкі аңсарын аңғартатын дүниелер. Осы жерде аз ғана құпияның шетін ашқалы отырмын. Өйткені дәл осы махаббат Чичиковтың екінші томдағы тағдырында маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда ЖИ сол бөліммен жұмыс істеп жатыр», – дейді ол.

### ЖИ жазған кітаптар

Орыс қоғамына ЖИ-дің «қосалқы автор» ретінде кітап жазу жетістігі «Өлі жандар» арқылы енді ғана келіп жатса, Батыс оқырмандары бұдан бірнеше жыл бұрын романистердің жасанды зердемен бірлесе жазған романдарын оқып үлгерді.

Мәселен, канадалық жазушы, эссеист Стивен Марш осыдан бірнеше жыл бұрын «Мета-морфозалар» романы мен «Автордың өлімі» повесін жасанды интеллектпен бірлесе жазған. Бірден кітаптың бірнеше мың данасы сатылып, оқырмандар арасында жоғары бағаланып та үлгерген. Бұл жерде кітаптың «қосалқы авторы» сюжет құруға, диалогтерді дамытуға, мәтінді стилистикалық өңдеуге қол ұшын беріп, тіпті шығармаға стандарттан тыс авторлық шешім ұсынған.

Көркем шығарманы ЖИ арқылы жазудың тағы бір жарқын мысалы – Росс Гудвиннің нейрожүйемен бірігіп жазған «1 the Road» романы. Гудвин жасанды интеллектті тұтас романның кейбір үзіктерін жазу үшін пайдаланған. Кейін өзі оларды өңдеп, тұтас бір оқиғаға біріктірген.

Тағы бір ерекше оқиға — Джим Эндрюстің «Болашақтан келген өлеңдер» атты өлеңдер жинағы. Эндрюс бұл жинақты құрастыру үшін нейрожеліге бұрынғы танымал ақындардың шығармаларының негізінде дүниеден әлдеқашан өтіп кеткен сол авторлардың жаңа өлеңдерін жаздырған. Бұл тәжірибенің нәтижесінің адам таңғаларлығы соншалық, көптеген оқырман бұл өлеңдердің жасанды интеллектпен жазылғанын аңғара алмай да қалған.

Жоғарыда мысал ретінде келтіріп отырған бұл жобалар адам мен машинаның бірлесіп жұмыс істеуі қызық әрі тың шығармаларды тудыруы мүмкін екенін көрсетіп беріп отыр.

### Үміт пен күдік

Қазақ қоғамында қолданыста жүрген жасанды «көмекшілер» – әзірше «барып кел, шауып келдің» деңгейінен аса қойған жоқ. Оқушылар мен студенттердің күнделікті тапсырмаларын орындауға, сурет өңдеп, ашық ақпарат көздеріндегі мәліметтерді тауып беріп, іш пысқанда сөйлесе тұрар серік болуға ғана жарап тұрған зерденің, шын мәнінде, ішіне бұққан алапат қуатын қалай пайдаға жаратарымызды уақыт көрсетер.

Ал өз ойымызды айтсақ, біздіңше, осы күнге дейін өзге салаларға әсерін тигізген ЖИ-дің әдебиетке де ықпалын тигізеріне күмәніміз жоқ. Дегенмен жасанды интеллект көркем әдебиеттің әр түріне әрқалай әсер етпек. Мәселен, бірлесе жазылған Дюманың «Үш нояны» секілді оқиғасы мен кейіпкерлері қалыпқа салынған классикалық шығармаларды машина оңай жазып шығары кәдік. Мысалы, жасанды интеллекттің Маркестің «Жүзжылдық жалғыздығындай», Джойстың «Улисі» мен Беккеттің «Уоттындай» дүниені жазып бергенін елестете алмаймын. Жасанды интеллект Ионесконың «Мүйізтұмсығындай» шығарма жазып берсе, әлбетте, қатты қуанар едім. Бірақ бұл әзір екіталай дүние секілді.

Екінші жағынан қарағанда, қашан да көркем әдебиеттегі жетістіктер технологияның дамуымен қатар жүріп отырды. Сына жазуының ойлап табылуы Гильгамеш дастанының дүниеге келуіне жол ашты.

Сөзсіз, жасанды интеллект жазу үдерісін жеделдетуге көмектесіп келе жатыр. Оны біздің қаламгерлер қауымы (жастарды қоспағанда) қолданып көрсе, игілігін көрер де еді. Жарықтық, Роберт Музиль осы күнді көргенде, бәлкім, оның «Қасиетсіз пендесі» көзі тірісінде аяқталып та қалар еді.

*P.S. Жасанды интеллектінің сан-сапат әдеби шығармаларды сапырыстырып, жаңа бір дүниелерді шығарып жатуы қаламгерлерге ұнамасы анық. Қазірдің өзінде-ақ Америкада кейбір қаламгер ұйымдары OpenAI компаниясын «авторлық құқықты бұзды» деп сотқа сүйрелеп жатыр. Жасанды зердемен жазылып жатқан кітаптарға «Компьютерлік әдебиет» деп ат қойылып, айдар тағылып, бұл үрдісті «көркем әдебиеттің ажалының келуі» деп кесім шығарып тастағандар да жетерлік. Біз тек бұл құбылысты небір соқтықпалы-соқпақсыз жолдан өткен көркем әдебиет тарихындағы жақсылы-жаманды, бірақ айта қаларлықтай тағы бір айрықша оқиға деп есептейміз. Біз шахмат ойнаудан компьютерден әлдеқашан жеңілдік. Ендігі талас шығармашылық үшін болып жатқан секілді!*

***К. Шынбат.***

## Спорт – денсаулық кепілі



Спорттың адам өмірінде алатын орны ерекше. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, шыдамды, шымыр болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» немесе «бірінші байлық-денсаулық»,- деп бекер айтпаған. Осы нақыл сөздің салмағын, жүктер жауапкершілігін сезінетін біздің Жарма ауданының педагогтары жеткіншек ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп қана қоймай өз тәнінің саулығын нығайту мақсатында спортпен айналысуға мүмкіндік тудырады.Біздің ауданда осы қағидаларды сақтау үшін жылда білім беру мекемелерінің педагогтары арасында дәстүрлі спартакиада өткізіліп отырады.Биыл өткізілген XXV спартакиада спорттың 8 түрінен өткізілді. Атап айтатын болсақ баскетбол,футзал.волейбол,шаңғы тебу,үстел теннисі, тоғызқұмалақ,- шахмат, асық ату*бес асық* ойындарынан өткізілді. Жекелеген ойын түрлерінен негізгі және орта мектептер болып бөлісті. Оқушылардың көктемгі каникулы кезінің шуақты күні Болат Тұрлыханов атындағы спорт кешенінде XXV спартакиаданың ашылу салтанаты болды. Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары С.Сатпеков жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, өзінің жүрекжарды лебізін білдірді. Білім бөлімінің басшысы Д.Ақзамов әріптестеріне жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде өлшеусіз еткен еңбектеріңізбен қатар спорттың дамуына да өз үлестерін қосып жүргендеріне тоқталды. Әсем ән, мың бұралған би салтанатты шараның ажарын ашты. Жарыс өте тартымды өтіп нәтиже төмендегідей орындармен бөлісті. Орта мектептер арасында жүлделі 1 орынды «Абай атындағы көпсалалы мектеп-гимназиясы» КММ-сі иеленсе, 2 орынды «Маяковский атындағы орта мектебі» КММ-сі қанжығасына байлады. Жүлделі 3 орынды «Георгиевка орта мектебі» КММ-сі алды. Негізгі мектептер арасындағы жүлделер де тартысты өтіп, төмендегідей нәтиже көрсетті. 1 орынды «Қаражал негізгі мектебі» КММ-сі алса, 2 орынды «Васильковка негізгі мектебі» КММ-сі еншісіне бұйырды. Ал жүлденің 3 орынымен «Салқынтөбе негізгі мектебі» КММ-сі еншіледі. Барлық жүлдегерлерге кәсіподақ комитеті атынан ақшалай сертификаттар мен кубоктар, мадақтамалар және медальдар табысталды.

*Е.Сембинов, Жарма ауданы оқу-ағарту салалық кәсіподағы комитетінің төрағасы.*

## Мораторий күшін жойды: Қазақстанда коммуналдық тарифтер 1 сәуірден бастап өсе ме?



1 сәуірден бастап Қазақстанда коммуналдық тарифтерді ұстап тұрған мораторий күшін жояды. Билік бағаның күрт көтерілмейтінін айтқанымен, алдағы өзгерістер халыққа қалай әсер ететіні өзекті мәселе болып отыр.

Табиғи монополияларды реттеу комитетінде тарифтердің күрт көтерілмейтіні айтылды. Олардың сөзінше, өзгерістер жағдайға қарай, таңдамалы түрде және кезең-кезеңімен енгізіледі. Негізгі мақсат – халыққа түсетін салмақты арттырмай, сонымен қатар коммуналдық инфрақұрылымның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету.

"Тарифтік саясат ең алдымен өмірді қамтамасыз ететін жүйелердің сенімді жұмыс істеуіне, қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізуге, инфрақұрылымның тозуын азайтуға және апаттардың алдын алуға бағытталған", – деп түсіндірді комитет өкілдері.

Сондықтан тарифтердегі өзгерістер нақты есепке негізделіп, негізсіз шешімдерге жол берілмейтіні айтылды. Энергетика министрлігі электр энергиясына қатысты жағдайды бөлек түсіндірңп, 1 сәуірден бастап тарифтер өзгермейтінін мәлімдеді.

"2026 жылғы 1 сәуірден бастап электр энергиясының шекті тарифтері өзгеріссіз қалады, 2025 жылғы деңгейде сақталады", – делінген хабарламада.

Ведомство тарифтер 2025 жылдың желтоқсанында бекітіліп, 2032 жылға дейін алдын ала белгіленгенін еске салды. Жанармай бағасы нарыққа байланысты қалыптасады. Дегенмен министрлік күрт және негізсіз қымбаттауға жол берілмейтінін мәлімдеді. Қазір жанармай тапшылығы жоқ, қор жеткілікті.

"Өңірлерде жедел штабтар жұмыс істейді. Олар күн сайын бағаны, жанармай қорын және жеткізу логистикасын бақылап, кез келген ауытқуларға жедел әрекет етеді және ішкі нарықтағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді", – дейді комитет.

Бұған дейін тарифтердің өсуіне мораторий 2025 жылдың қазан айында дағдарысқа қарсы шара ретінде енгізілген болатын. Оның мақсаты бағаның шарықтауын тежеу еді. 1 сәуірден бастап бұл шектеу алып тасталады. Осыдан кейін тарифтер коммуналдық кәсіпорындардың өтінімдеріне, инфрақұрылымның жағдайына және өңірлердегі ахуалға байланысты қайта қаралуы мүмкін. Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров тарифтерді ұзақ уақыт ұстап тұру экономиканың дамуын тежейтінін айтқан еді. Сонымен қатар ол халықтың әлеуметтік жағдайын да ескеру маңызды екенін атап өтті.

"Екінші жағынан, елімізде 1 миллионнан астам адам өте төмен материалдық жағдайда өмір сүріп жатқанын түсінуіміз керек", – дейді комитеттегілер.

Оның айтуынша, экономика дамып, халықтың тұрмыс деңгейі де төмендемейтіндей тепе-теңдік табу қажет.

Еске салайық, бұған дейін Қазақстанда коммуналдық қызмет тарифтерін көтеруге мораторий 2026 жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін енгізілген еді. Ол кезеңде тарифтер уақытша тоқтатылып, монополистердің инвестициялық міндеттемелері тексерілді. Саладағы инфрақұрылымның тозуы 50%-дан асқандықтан, тарифтерді қайта қарау қажеттілігі туындап отыр. Мораторий аяқталғанымен, өтінімдерді қарау мерзіміне байланысты тарифтер ең ерте маусым айында өзгеруі мүмкін.

*«Қалба Ақпарат»*

***ӨНЕР МАЙТАЛМАНЫ***

## ӨНЕРІМЕН ӨНЕГЕЛІ ҰСТАЗ



Өмірі өнегеге толы Оспанов Серікқазы Құмашұлы сегіз қырлы, бір сырлы жан-жақты азамат екені көпке мәлім. Ол білікті де білімді педагог қана емес, сонымен қатар, үлкен өнер иесі. Өмірін өнерге, шәкірт тәрбиесіне арнаған ардақты ұстаз ретінде – өскен өлкесінің рухани дамуына сүбелі үлесін қосып келе жатқан арда азаматтың бірі.

Серікқазы Құмашұлының өмір жолына қысқаша тоқталып өтсек, 1963 жылдың 10 наурызында бұрынғы Семей облысы Шар қаласына қарасты Кезеңсу ауылында дүниеге келген. Балалық шағы ауыл тынысымен астасып, еңбек пен тәрбиеге толы ортада өтті.

1970–1980 жылдары Кезеңсу орта мектебінде білім алып, жастайынан өнерге, әсіресе музыкаға ерекше қызығушылық танытады. Азаматтық борышын өтеу мақсатында 1981–1983 жылдары Оренбург қаласында Кеңес Армиясы қатарында әскери қызметін аброймен өтеп, келген соң, өзінің бала күнгі өнерге әуес арманына қайта оралады. 1984–1985 жылдары М.Төлебаев атындағы музыкалық училищеде білім алды. Бұл кезең оның кәсіби өнер жолына түсуіне берік негіз қалады. Еңбек жолын 1985 жылы Шар қаласындағы «Беркут» комбинатында күзет басшысы болып бастағанымен, «өнер ешқашан өлмейді»-дегендей, жүрек қалауына сай өнер саласына бет бұрады. 1997 жылы Шар аудандық мәдениет үйінде музыкант болып қызмет атқарды. 1998 жылдан бастап ұстаздық жолға түскен Серікқазы Құмашұлы №63 орта мектебінде музыка пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. Сол жылдан бері Б.Тұрсынов атындағы орта мектебінде үздіксіз қызмет етіп, талай шәкірттің өнерге деген сүйіспеншілігін оятты. Оның шәкірттері түрлі байқауларда жүлделі орындарға ие болып, ұстаз еңбегінің жемісті екенін дәлелдеп келеді. Ол тек мұғалім ғана емес, ауыл мәдениетінің дамуына үлес қосқан нағыз жанашыр азамат. Шар қалалық мәдениет үйінде өтетін әрбір мәдениісшараларға белесене араласып жүрген өнерлі жан. Өнерді жоғары бағалайтын Жарма ауданының мәдениет сарайының басшысы Жарма ауданының «Құрметті азаматы» Аманжол Төлеубекұлының қолдауымен Серікқазы Құмашұлының еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ол «Қазақ мәдениетінің қайраткері» атағына ие болып, ел алдында абыройға бөленді. Бүгінде зейнеткерлікке шықса да, өнерден қол үзбей, жас ұрпаққа үлгі болып келеді. Отбасында да өнегелі әке, ардақты жан. Жары - Оспанова Шолпан Берекешқызы– өзі сияқты музыка пәнінің ұстазы. Екеуі үш бала тәрбиелеп өсіріп, барлығына жоғары білім беріп, өмірден өз орындарын табуына жол ашты.Серікқазы Құмашұлы – өнер мен ұстаздықты қатар алып жүрген, елінің мәдениетіне шынайы жанашырлықпен қызмет еткен тұлға. Оның өмір жолы – кейінгі ұрпаққа үлгі, адал еңбек пен табандылықтың жарқын көрінісі.

*Жұлдыз Қожахметова, аудандық Мәдениет сарайының әдіскері.*

## Жарма аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №10/185-VIII «Жарма ауданының аудандық аумақтық сайлау комиссиясының және учаскелік сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 19-бабына, 6-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 7-1) тармақшасына сәйкес, Жарма аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жарма аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №10/185-VIII «Жарма ауданының аудандық аумақтық сайлау комиссиясының және учаскелік сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыру туралы» шешімімен бекітілген учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарына келесідей өзгерістер енгізілсін:

1) № 338 учаскелік сайлау комиссиясы құрамынан – Кусаинова Макпал Нурлыбековна;

- № 345 учаскелік сайлау комиссиясы құрамынан – Мукашев Кенжебек Ергалиевич;
- № 349 учаскелік сайлау комиссиясы құрамынан – Абжатова Жанар Калкешовна, Улукпанова Айдана Түсіпқанқызы және Бейсеканова Корлан Серикжановна;
- № 350 учаскелік сайлау комиссиясы құрамынан – Кадылов Бекжан Бейбітбекұлы, Салыков Нуржан Нурланович және Исабек Жарқынбек Мұратбекұлы;
- № 356 учаскелік сайлау комиссиясы құрамынан – Мухаметкалиев Ерболат Серікбосынұлы;
- № 360 учаскелік сайлау комиссиясы құрамынан – Төлеуғали Аманғали;
- № 363 учаскелік сайлау комиссиясы құрамынан – Серікжанұлы Нұрым;
- № 369 учаскелік сайлау комиссиясы құрамынан – Абильмажинов Нариман Талгатович;
- № 371 учаскелік сайлау комиссиясы құрамынан – Бекқожанова Жұлдыз Құрманғожақызы;
- № 373 учаскелік сайлау комиссиясы құрамынан – Жамалова Анияш Адилхановна босатылсын;

2) «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігінің ұсынысы негізінде, өз міндеттерінен босатылған № 357 учаскелік сайлау комиссиясы құрамына – Туспекова Айым Какеновна енгізілсін.

2. Осы шешім Жарма ауданының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

3. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамынан босатылған мүшелерінің орнын толықтыру мақсатында, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң талаптарына сәйкес тиісті іс-шаралар жүргізілсін.

4. Осы шешім оны қабылдаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*М. Оспанбаев, Жарма аудандық мәслихатының төрағасы.*

## О внесении изменений в решение Жарминского районного маслихата от 27 декабря 2023 года № 10/185-VIII «О формировании состава районной территориальной избирательной комиссии и участковых избирательных комиссий Жарминского района»

В соответствии со статьёй 19 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», подпунктом 6-1) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» Жарминский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в состав избирательных комиссий утвержденного решением Жарминского районного маслихата «О формировании состава районной территориальной избирательной комиссии и участковых избирательных комиссий Жарминского района» от 27 декабря 2023 года № 10/185-VIII следующие изменения:

1) Освободить в соответствии с подпунктом 1) пункта 6 статьи 19 Конституционного Закона «О выборах в Республике Казахстан» следующих членов комиссии:

- № 338 участковой избирательной комиссии – Макпал Нурлыбековну Кусаинову;
- № 345 участковой избирательной комиссии – Кенжебека Ергалиевича Мукашева;
- № 349 участковой избирательной комиссии –Жанар Калкешовну Абжатову, Айдана Түсіпқанқызы Улукпанову и Корлан Серикжановну Бейсеканову;
- № 350 участковой избирательной комиссии – Бекжана Бейбітбекұлы Кадылова, Нуржана Нурлановича Салыкова и Жаркынбека Мұратбекұлы Исабека;
- № 356 участковой избирательной комиссии – Ерболата Серікбосынұлы Мухаметкалиева;
- № 360 участковой избирательной комиссии – Аманғали Тәлеуғали.
- № 363 участковой избирательной комиссии – Нұрым Серікжанұлы;
- № 371 участковой избирательной комиссии – Жұлдыз Құрманғожақызы Бекқожанову;
- № 373 участковой избирательной комиссии –Анияш Адильхановну Беккожанову.

2) утвердить следующих кандидатов вместо освобожденных от выполнения своих обязанностей членов комиссий:

№ 357 участковой избирательной комиссии – по представлению партии «AMANAT» Туспекову Айым Какеновну.

2. Настоящее решение опубликовать в средствах массовой информации распространяемых на территории Жарминского района.

3. В целях пополнения состава участковых избирательных комиссий вместо выбывших членов из состава, провести необходимые мероприятия в соответствии с действующим законодательством Республике Казахстан.

4. Настоящее решение вводится в действие со дня его принятия.

*М. Оспанбаев, Председатель Жарминского районного маслихата.*

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУ

«IT&M Kazakhstan» ЖШС «Абай облысының Жарма ауданындағы M-44-104-(10d-5a-23), M-44-104-(10d-5a-24), M-44-104-(10d-5v-3), M-44-104-(10d-5v-4) блоктарының контурында (Аққөзен учаскесі) қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу жоспарына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп жобасының мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүргізу бойынша ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулар басталғаны туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал селолық округі, Жаңаөзен ауылы, координаттары: (49°19′9″ с.е., 81°28′8″ ш.б.).

Учаскенің географиялық координаттары: 1) 49°05'59.11"с.е., 81°42'08.98"ш.б.; 2) 49°05'58.70"с.е., 81°43'24.58"ш.б.; 3) 49°04'54.61"с.е., 81°43'22.71"ш.б.; 4) 49°04'55.39"с.е., 81°42'08.54"ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 14 мамыр сағат 11:00-да, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал селолық округі, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:
https://us06web.zoom.us/j/3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRllFcXlZdz09&omn=87499668714

Конференция идентификаторы: 346 745 3931 Құпия код: YGC0Ki

Тапсырыс берушінің реквизиттері: «IT&M Kazakhstan» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Тараз қ., Қазыбек би көшесі, тұй.көше 2, 16А үй, 2-кеңсе, Тел: +7 701 111 44 55, БСН 150440014846, Директор – Бекежанова Ж.Д., эл.пошта: kenes.baltekeyev@gmail.com (Мемлекеттік лицензия №373-EL 11.11.2019 жылы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен берілген)

Әзірлеушінің реквизиттері: ЖК "ПроЭкоКонсалт", ҚР, Қарағанды қ., Н.Назарбаев к, 4-үй, (BULVAR БО), 104-оф, өкілі: Обжорина Т.Н., Байланыс телефондары: тел.8 (776) 526-31-31, электрондық поштасы: tanya_ob80@mail.ru

(Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге Мемлекеттік лицензия №02568P, 2025 жылғы «26» мамырда Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен берілген)

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен https://ndbecology.gov.kz сайттарда «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/?ysclid=m7u6u3qvwo135262161 «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефондары арқылы сұрауға болады, e-mail: tanya_ob80@mail.ru

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың мекенжайы бойынша қабылданады: «Абай облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Абай облысы, Семей қ, Тұрлыханов көшесі 30, тел. + 8 (7222) 35-44-32, e-mail: prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru

## ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «IT&M Kazakhstan» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы по материалам к проекту «Отчет о возможных воздействиях на окружающую среду к Плану проведения операций по разведке твердых полезных ископаемых в контуре блоков M-44-104-(10d-5a-23), M-44-104-(10d-5a-24), M-44-104-(10d-5v-3), M-44-104-(10d-5v-4) (уч. Аккезен), в Жарминском районе Абайской области (Лицензия № 373-EL от «11» ноября 2019 года)

Территория воздействия: Абайская область, Жарминский район, Акжальский с.о., село Жанаозен (координаты 49°19′9″ с.ш., 81°28′8″ в.д.).

Географические координаты участка: 1. 49°05'59.11"С 81°42'08.98"В; 2. 49°05'58.70"С 81°43'24.58"В; 3. 49°04'54.61"С 81°43'22.71"В; 4. 49°04'55.39"С 81°42'08.54"В.

Общественные слушания состоятся: 14 мая 2026 года в 11:00, по адресу: Абайская область, Жарминский район, Акжальский с.о., с. Жанаозен, улица Ер Жәнібек, дом 8.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: https://us06web.zoom.us/j/3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRllFcXlZdz09&omn=87499668714

Идентификатор конференции: 346 745 3931 Код доступа: YGC0Kii

Реквизиты заказчика: ТОО «IT&M Kazakhstan», РК, г.Тараз, ул.Казыбек би, переулок 2, дом 16А, офис 2, Тел: +7 701 111 44 55, эл.почта: kenes.baltekeyev@gmail.com БИН 150440014846, Директор – Бекежанова Ж.Д. (Государственная лицензия №373-EL выдана 11.11.2019 года Министерством промышленности и строительства Республики Казахстан)

Реквизиты разработчика: ИП «ПроЭкоКонсалт», РК, г.Караганда, пр.Н.Назарбаева, 4 (БЦ BULVAR), оф.104, руководитель: Обжорина Т.Н Тел: 8(776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru (ГЛ на деятельность выполнение работ и оказание услуг в области охраны окружающей среды №02568P от «26» мая 2025 года, выдана «Комитетом экологического регулирования и контроля Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан».

